

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**Ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу.**ЖАРИЯЛАНДЫ  
28.03.2025СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/177273/>**Прманова Гулназ Магимарқызы***Лауазымы: Тәрбиеші**Қызылорда облысы**Жалағаш ауданы**КМҚК Жауқазын бөбекжай бақшасы*

**Кіріспе:** Ұлттық құндылықтар – әр ұлттың өзіндік ерекшеліктерін, тарихи тәжірибесін, мәдениетін, рухани байлығын, салт-дәстүрін, өмір салтын білдіретін маңызды категория. Әр халықтың ұлттық құндылықтары – сол ұлттың өмір сүруінің тірегі. Сондықтан ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпақтың бойына сіңіру – олардың болашақта ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін аса маңызды. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі кезеңде ұлттық тәрбие беру балалардың тұлға болып қалыптасуындағы ең маңызды кезеңнің бірі болып табылады.

**Ұлттық құндылықтар мен олардың бала тәрбиесіндегі рөлі.**

Мектепке дейінгі балаларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу – олардың жалпы мәдениетіне, дүниетанымына және адами құндылықтарына оң әсер етеді. Бала кішкентай кезінен бастап өзінің туған халқының дәстүрлерімен, мәдениетімен танысып, сол арқылы

ұлттық рухты бойына сіңіреді. Бұл тәрбие үрдісі балаларға ұлттық сана-сезімді, өз халқына деген мақтаныш пен құрметті қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұлттық құндылықтар – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан құнды рухани мұралар. Олар арқылы біз баланы адамгершілікке, имандылыққа, отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа, қайырымдылыққа және жауапкершілікке тәрбиелейміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру – олардың болашақтағы рухани өміріне, мінез-құлықтарына үлкен әсер етеді. **Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың тәрбиелік мәні**

Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибесі, рухани байлығы. Қазақ халқының салт-дәстүрлері – бала тәрбиесінің ең бай және тәрбиелік мәні зор негіздерінің бірі. Бала дүниеге келгеннен бастап-ақ «Шілдеhana», «Қырқынан шығару», «Бесікке салу», «Тұсау кесу» сияқты дәстүрлер атқарылады. Бұл дәстүрлердің әрқайсысы баланың физикалық және рухани дамуына, отбасымен және қоғаммен байланысына ықпал етеді.

### **Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы**

Ұлттық ойындар – баланың тұлға болып қалыптасуында маңызды рөл атқаратын тәрбие құралдарының бірі. Ойын – баланың ең негізгі әрекеті болғандықтан, тәрбие процесінде ұлттық ойындардың алар орны ерекше. Қазақ халқының ұлттық ойындары – бала денсаулығына пайдалы, ақыл-ойды дамытуға, дене бітімін жетілдіруге бағытталған. Ұлттық ойындар тек физикалық дамуға ғана емес, сонымен қатар моральдық, рухани тұрғыда тәрбиелеуге де септігін тигізеді. Ұлттық ойындар арқылы балалар бір-біріне деген құрметті, әділдік пен достықты үйренеді.

### **Қазақ ертегілері мен аңыздарының тәрбиелік күші**

Қазақтың ертегілері мен аңыздары – халықтың даналығын, өмірлік тәжірибесін жеткізетін тәрбиелік маңызы зор құрал. Ертегілер мен аңыздар баланың қиялын дамытуға, оның ақыл-ойын жетілдіруге және рухани байлығын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, ертегілер

балалардың тіл байлығын дамытады, сөйлеу қабілеттерін жетілдіреді. Мектеп жасына дейінгі балаларға ертегілерді жиі оқу арқылы олардың қызығушылығын оятып, көркем әдебиетке деген махаббатын арттыруға болады. Ертегілердегі кейіпкерлер балаларға өмірлік сабақ болары сөзсіз.

### **Ұлттық әндер мен күйлердің тәрбиелік әсері**

Қазақ халқының музыкалық мұрасы да ұлттық тәрбиенің маңызды бөлігі болып табылады. Әндер мен күйлер – баланың эстетикалық сезімдерін, өнерге деген қызығушылығын оятып, рухани әлемін байытады. Қазақтың халық әндерін, күйлерін тыңдау арқылы бала ұлттық мәдениеттің мәнін түсініп, өнерге құрметпен қарай бастайды. Ұлттық әндер мен күйлер арқылы балаға ата-бабалардың ерлігін, халқымыздың тарихын, оның күрескерлік рухын жеткізуге болады.

### **Қорытынды**

Ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу – болашақ ұрпақтың ұлттық рухын, патриоттық сезімін қалыптастырудың ең басты жолы. Мектепке дейінгі кезеңде балаларды ұлттық құндылықтармен таныстырып, олардың бойына адамгершілік, патриоттық қасиеттерді сіңіру арқылы біз болашақта рухани бай, мәдениетті, елжанды азаматтарды тәрбиелейміз. Бүгінгі күні ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесіне енгізу – жаһандану үдерісі жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтаудың тиімді жолы. Осы орайда, тәрбиешілер мен ата-аналар ұлттық құндылықтарды балалардың бойына сіңіруде бірлесе жұмыс жүргізулері қажет. Бұл тек мектеп жасына дейінгі балалардың рухани дамуына ғана емес, жалпы қоғамның ұлттық бірегейлігін нығайтуға ықпал ететін маңызды қадам.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Кулибаева Ә. Т. *БАЛАЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІМЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ.* – 2020.
2. Ешенгазина А. С. *ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҒЫНЫҢ*

ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ. – 2020.

3. Құсаинова А.Қ. «Баланың дамуы» Алматы. Рауан, 2000.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.